

Бекітілді
«АЖК және ТК» КМҚК
қызметкерлерінің жиналысында
«___» _____ 2020 жыл.

**Алматы қаласы Білім басқармасының
«Алматы жолаушылар көлігі және технологиялар колледжі» КМҚК
жұмыс беруші және қызметкерлер арасындағы
2019-2021 жылдарға арналған Ұжымдық шартқа
№1 Қосымша Келісім**

Алматы қаласы.

наурыз 2020 жыл.

Алматы қаласы Білім басқармасының «Алматы жолаушылар көлігі және технологиялар колледжі» Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі қарай - Колледж), іс-әрекет жасаушы Колледж директоры С.Т.Сулейменов, бір тараптан және Колледж Қызметкерлері (бұдан әрі қарай - Қызметкерлер), жұмысшылар мүдделерін ұсынатын Колледждің кәсіподақ комитетінің (бұдан әрі – Кәсіподақ комитеті) атынан төрағасы С.Е.Бастасов, екінші тараптан, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 156 бабының 8-тармағы негізінде осы келісім төмендегідей жасалды:

1. Ұжымдық шарттың 8.4.тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

8.4. Қызметкерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

- мемлекеттік немесе қоғамдық жұмыстарды (міндеттерді) орындау кезінде;

- медициналық тексеруге жіберу кезінде;

- қызметтік іссапарларға жіберу кезінде;

- донор болып табылатын қызметкерлер үшін;

- жұмысынан айырылған жағдайда;

- Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 131-бабына сәйкес еңбек шарты тоқтатылған кезде Қызметкерге пайдаланбаған немесе толық пайдаланбаған жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы (жыл сайынғы еңбек демалыстары), жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының (жыл сайынғы еңбек демалыстарының) пайдаланылмаған күндері үшін өтемақы төлемі жүргізіледі;

- жұмыс беруші мен қызметкердің экономикалық, технологиялық, ұйымдастырушы-лық, өзге де өндірістік немесе табиғи сипаттағы себептер бойынша жұмыстың тоқтап қалуына – уақытша тоқтатылуына байланысты;

- заңнамамен көзделген басқа да жағдайларда кепілдіктер мен өтемақылар беріледі.

2. Ұжымдық шарттың «Әлеуметтік кепілдіктер, жеңілдіктер және өтемақылар» VIII бөлігі 8.8-тармағымен толықтырылсын:

8.8. Жұмыс беруші мен қызметкердің экономикалық, технологиялық, ұйымдастыру-шылық, өзге де өндірістік немесе табиғи сипаттағы себептер бойынша әрекетсіздік кезеңінде қызметкерлерге орташа айлық жалақыны 100%-ға дейін төлеуге құқылы.

3. Осы Келісім Қазақстан Республикасында төтенше жағдай енгізілгеннен кейін туындаған қатынастарға 2020 жылғы 16 наурыздан бастап қолданылады.

4. Осы Келісім Ұжымдық шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

5. Осы Келісім мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды. Келісімге әрқайсысының бірдей заңды күші бар 4 (төрт) данада қол қойылды және мөрлермен куәландырылған. Колледжде,

Кәсіподақ комитетінде, Алматы қаласының әлеуметтік әл-ауқат басқармасында, Алматы қалалық «Ұстаз» жергілікті кәсіподағында бір данадан сақталады.

6. Келісім көшірмесі Колледждің барлық бөлімшелеріне беріледі.

Жұмыс берушінің атынан:

Алматы қаласы Білім басқармасының
«Алматы жолаушылар көлігі және
технологиялар колледжі» КМҚК директоры
_____ **С.Т.Сулейменов**

Колледж Қызметкерлерінің атынан:

Алматы қаласы Білім басқармасының
«Алматы жолаушылар көлігі және
технологиялар колледжі» КМҚК
кәсіподақ ұйымының төрағасы

_____ **С.Е.Бастасов**